


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

 С.А.Бортебаев

«19» 05 2022ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «НМ 10000-210 ортадан тепкіш мұнай айдау сорғысын жаңғырту»

5В072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған

Алмұханбетов Е.Е.

Пікір беруші
Техника ғылымдары кандидаты

 Омирзакова Э.Ж.



Ғылыми жетекші
Техника және технология магистрі

 Балгаев Д.Е.

Алматы 2022

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машинажасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

С.А.Бортебаев

«28» 12 2021 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Алмұханбетов Ербол Еркінұлы

Тақырыбы «НМ 10000-210 ортадан тепкіш мұнай айдау сорғысын жаңғырту»

Университет басшысының 2021 жылдың "24" желтоқсанда № 489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «20» мамыр 2022ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: НМ 10000-210 маркалы магистралды ортадан тепкіш сорпа

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: Магистралды мұнай айдау сорпатарына талдау жасау, негізгі жабдықтарына түсініктеме беру;

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: сорпаның негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді;

в) Арнайы бөлім: патенттік ізденістер жүргізілді, модернизация ұсынылды

г) Еңбек қорғау және тіршілік қауіпсіздігі бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (6 парақ сызбалар көрсетілген)

1. Магистралды сорпаның жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3. Бөлшек сызбасы; 4. Патенттік талдау. 5. Бөлшек сызбасы;

Ұсынылатын негізгі әдебиет 12 атау






Дипломдық жобаны дайынау

КЕСТЕСІ


Бөлім атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Техникалық бөлім	25.03.2022 ж	
Есептік бөлім	20.04.2022 ж	
Арнайы бөлім	04.05.2022 ж	
Еңбекті қорғау бөлімі	15.05.2022 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер,	Қол қойылған күні	Қолы
Техникалық бөлім	т.ғ.м., лектор Балгаев Д.Е.	25.03.22	
Есептік бөлім	т.ғ.м., лектор Балгаев Д.Е.	20.04.22	
Арнайы бөлім	т.ғ.м., лектор Балгаев Д.Е.	04.05.22	
Еңбекті қорғау бөлімі	т.ғ.м., лектор Балгаев Д.Е.	15.05.22	
Норма бақылаушы	т.ғ.м., лектор Сарыбаев Е.Е.	14.05.22	

Ғылыми жетекшісі  Балгаев Д.Е.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Алмұханбетов Е.Е.

Күні: «12» 12 2021 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобада магистральды мұнай сорабының конструкциясын игеру қарастырылған.

Техникалық бөлімде жобаланып отырған магистральды мұнай сорабының конструкциялық құрылымы туралы толық мәліметтер келтірілген және қазіргі таңда көп қолданыс тапқан мұнай сорабының конструкциясына талдау жүргізілген.

Есептеу бөлімінде сораптың негізгі бөлшектерін есептеу үлгісі берілген.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінде сораппен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету қарастырылған.

Дипломдық жоба түсіндірме текстінен және А1 форматындағы графикалық бөлім парақтарынан тұрады.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассматривается разработка конструкций магистрального нефтяного насоса.

В технической части проекта проводится обзор и анализ существующих конструкции магистрального насоса, применяемый при транспортировке нефти.

В расчётной части проекта проводится расчёт главных деталей насоса.

Раздел по технике безопасности и охране труда рассматривает обеспечение техники безопасности при эксплуатации оборудования.

Дипломный проект состоит из пояснительной записки и графической части на листах А1.

ANNOTATION

In the diploma project is developed the design of the main oil pump.

In the technical part of the project, a review and analysis of the existing design of the main pump used in the transportation of oil.

In the calculation part of the calculation of parts of the valve.

The section on safety and labor protection considers the provision of safety in the operation of equipment.

The graduation project consists of an explanatory note and the graphic part on sheets A1.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	6
1	Техникалық бөлім	7
1.1	Мұнай айдау станциясы және негізгі жабдықтары	7
1.2	Магистральды мұнай сорабы тағайындалуы	8
1.3	Магистральды мұнай сорабының конструкциясы	9
1.3.1	Сораптың корпусы	10
1.3.2	Сораптың роторы	11
1.3.3	Сораптың жұмыс дөңгелегі	12
1.3.4	Сораптың жетегі	13
1.4	Прототип таңдау	14
1.5	Тасымалдау, монтаж, пайдалану және жөндеу	14
2	Есептеу бөлімі	17
2.1	Толық П.Ә.К. анықтау	17
2.2	Қалақшаның кіріс және бастағы диаметрі	18
2.3	Сорап бөлшектерін беріктікке есептеу	19
3	Арнайы бөлім	22
3.1	Сорғы қондырғысын диагностикалау және сенімділігін арттыру	22
3.2	Патенттік-ақпараттық шолу	25
3.2.1	Патент № 103584. Сорғы агрегатының вибродемпфирлейтін фундаменталды рамасы	25
3.2.2	Патент № 95043. Орталықтан тепкіш электр сорғы агрегаты	27
3.3	Техникалық жаңартуға ұсыныс	29
4	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	30
	Қорытынды	33
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	34

КІРІСПЕ

Экономика дамуының қазіргі кезеңінде құбыр көлігі Қазақстанның көлік жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, халық шаруашылығын отын-энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Мұнайды өндіру аудандарынан өңдеу аудандарына және тұтынушыға жеткізудің экономикалық тиімділігі мен сенімділігі құбыр көлігінің жұмыс істеуін бағалаудың негізгі өлшемдері болып табылады. Магистральдық мұнай құбырларындағы (МН) істен шығу айдаудың толық немесе ішінара тоқтатылуына әкеледі, Кәсіпшіліктердің, мұнай өңдеу зауыттарының және мұнай базаларының қалыпты жұмысын бұзады.

Мұнайдың ауқымды төгілуімен қатар жүретін магистральдық сорғылардағы авариялар қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіреді, апатты салдарлармен жарылыстар мен өрттерге алып келуі мүмкін. Осы себепті магистральдық сорғылардың сенімді жұмысын қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Мұнайды құбырмен тасымалдау жұмысының қазіргі жағдайлары негізгі жабдықтың табиғи қартаюымен, олардың экологиялық қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың артуымен және мұнай компанияларына көлік қызметтерін үздіксіз көрсету үшін энергия-механикалық жабдықты сенімді, жұмыс істейтін күйде ұстау қажеттілігімен сипатталады. Қазіргі уақытта энерго-механикалық жабдықтың істен шығуын азайту және мұнай құбырлары жүйесін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін бір жағынан жөндеу жұмыстарының сенімділігін, сапасын арттыруды қамтамасыз ететін, ал екінші жағынан олардың меншікті құнының төмендеуіне әкелетін кешенді тәсілді әзірлеу қажет болды.

Мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдауды жүзеге асыратын негізгі жабдық магистральдық сорап болып табылады. Айдалатын мұнайдың және мұнай өнімінің көлемі мен тасымалдау жылдамдығы оның жұмысына және техникалық сипаттамаларына байланысты.

Сонымен, осы бакалаврлық жұмысты құрудың мақсаты техникалық-экономикалық сипаттамалары жақсартылған, атап айтқанда шу мен дірілдің төмендеуі, сенімділік, ресурс және т. б. жоғарылаған магистральдық электрлі сорап қондырғысын құру болады.

1 Техникалық бөлім

1.1 Мұнай айдау станциясы және негізгі жабдықтары

Мұнай айдау станциясы – бұл мұнай құбырындағы ғимараттар мен құрылыстар кешені. Көлемі үлкен мұнайды қабылдау және сақтау үшін: сорғы агрегаттары, құбыр пештері, тазарту құрылыстарының жиектеу-жылжымалы камералары, технологиялық құбырлар мен электр жабдықтары, автоматика, телемеханика, байланыс және радио хабарларын тарату құралдары, өрт сөндіру және басқа да жабдықтары болады. Мұнай айдау станциялары мұнай қозғалысының қажетті жылдамдығын, мұнай құбырының белгілі бір уақытқа өткізу қабілетін қамтамасыз ететін мұнай құбырының барлық ұзындығы бойынша белгілі бір қашықтықта орнатылады.

Магистральдық мұнай айдау станциясы – бұл магистральдық мұнай құбыры бастиегінің немесе оның жеке пайдалану бөлігінің топырағында орналасқан құбыржолдары арқылы мұнай мен оның өнімдерін жинауға және айдауға арналған құрылыстар кешені. Оның құрамына сорғы станциясы, қорқоймалар паркі, технологиялық құбырлар цехы, генератор, қазандық объектілері, жөндеушілер мен әкімшілік ғимараттар, тұрмыстық объектілері және т.б кіреді.

Мұнай айдау бекеттері – мұнай және мұнай өнімдерінің жиынтығын қысыммен айдауға арналған күрделі инженерлік құрылыстардың үлкен кешені. Мұнай айдау бекеттері мұнай өнеркәсібінің немесе өңдейтін зауыттың маңында орналасады және келген мұнайды қабылдау немесе ары қарай құбыр жолымен айдауға арналған. Құрамына енетін барлық нысандарды: негізгі және қосымша деп бөлеміз.

Мұнай айдау бекеттеріндегі ең негізгі және қосымша сораптық жабдықтар сорапты бөлігінде орналасады.

Сораптыты орындау бойынша:

- ашық алаң
- күрделі үй-жай
- блокты
- блоктық-модульдік орындау.

Сорғыны орындау бойынша:

– Жұмыс дөңгелектері саны бойынша: бір сатылы (бір жұмыс дөңгелегі бар); көп сатылы (бірнеше жұмыс дөңгелегі бар). Көп сатылы сорғыларда сұйықтық сорғыш келте құбыр арқылы бірінші доңғалақтың ортасына, осы доңғалақтың шеткі перифериясынан келесі доңғалақтың ортасына және т.б. беріледі. Доңғалақтар мен көп сатылы сорғылардың саны 10-16 дейін жетуі мүмкін.

– Дамушы арын бойынша: төмен қысымды (50-60 м дейін); орташа қысымды (150-200 м дейін); жоғары қысымды (200 м астам).

– Жұмыс доңғалағына сұйықтықты жеткізу тәсілі бойынша: бір жақты келтірумен (сорумен); екі жақты келтірумен.

- Сорғы білігінің орналасуы бойынша: көлденең, тік.
- Корпус ажыратқышы тәсілі бойынша: көлденең ажыратқышы бар; тік ажыратқышы бар.
- Жұмыс доңғалағынан камераға сұйықтықты бұру тәсілі бойынша: спиральді; секциялық.
- Спиральды сорғыштарда жұмыс дөңгелегінен сұйықтық спиральды корпусқа және одан кейін арынды құбырға түседі. Секциялық сорғыларда жұмыс дөңгелегінен сұйықтық қалақтары бар қозғалмайтын сақинаны білдіретін бағыттаушы аппарат арқылы жіберіледі.
- Қозғалтқышпен қосылу тәсілі бойынша: демультипликатор арқылы қозғалтқышпен қосылатын; қозғалтқышпен тікелей қосылатын (серпімді муфтасы арқылы).
- Мақсаты бойынша: суды, мұнайды, суық және ыстық мұнай өнімдерін, сұйылтылған газдарды, майларды, органикалық еріткіштерді және т. б. айдау үшін; магистральдық құбыржолдар арқылы мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау үшін.

1.2 Магистральды мұнай сорабы тағайындалуы

Сорапты станция – бұл магистральды құбыржолының негізгі ең маңызды және үлкен мөлшерлі басты жабдықтардың орналған бөлігі. Станцияда жыл сайын миллиардтаған киловайт электр энергиясы жұмсалынады. Электр энергияны үнемдеу және жоғары П.Ә.К - ке қол жеткізу басты тапсырмалардың бірі болып табылады.

Магистральды мұнай сорабы - бұл гидравликалық машина мұнай және мұнай өнімдерін құбыр желісі арқылы қайта айдауға арналған. Магистральды сораптар жоғары арынды қамтамасыз етіп, үзіліссіз жұмыс кезінде сенімді және эксплуатацияға қолайлы болып келеді.

Классификация

Бұл сораптардың үш түрі бар:

- ортадан тепкіш горизонталды;
- секционды көпсатылы (берілісі 1250 дейін);
- спиральды бірсатылы (берілісі 1250 ден 12500 дейін).

Бұл сораптармен мұнай және мұнай өнімдерін айдау кезінде температура 5- 80°С, кинематикалық тұтқырлық 3 см²/с, өнімнің құрамындағы қоспалар мөлшері 0,05% аспау қажет. Тасымалданатын өнімдер: мұнай, мазут, қабат суы түрлі қоспалармен, сұйылтылған газ, парафин, күкірт және т.б Мұнайды айдауға арналған сораптардың айырмашылықтарының бірі - ерекше жағдайларда жұмыс жасауы. Оған оның жұмыс температурасының кең диапазоны, жоғары қысым және сол жұмыс аймағының климатын айтуға болады.

Магистральды мұнай сораптарына қойылатын талаптар:

- Жоғары арын мен берілісті қамтамасыз ету;
- Жетерлік үнемділік (мүмкін болған ең үлкен П.Ә.К);
- Үзіліссіз жұмыс және сенімділік;

- Тұтастық;
- Ыңғайлылық және шашып-жинау тездігі.

Басқа сораптардан айырмашылықтары:

- Жарылысқа қарсы қорғалғандығы;
- Тұйық тығыздағыштардың сенімділігі (ординар немесе қосарланған);
- Материалдардың ерекше жағдайларға төзімділігі;
- Өнімділік дәрежесінің жоғарылығы;
- Агрессиялық орталарға инерттілігі.

Бұл сораптың жұмыс істеу принципі сұйықтықтың қозғалуы нәтижесінде механикалық энергияны гидравликалық энергияға айналдыру болып табылады.



1.1 Сурет – НМ 10000-210 магистралды сорабының жалпы көрінісі

Сұйықтық жұмыс дөңгелегіне енгенде өстік бағытта, дөңгелектің өзінде радиалды, содан кейін дөңгелектің өзінен периферияға бағытталады. Жұмыс дөңгелегі тұрақты жиілікпен айналғанда, сұйықтық каналдармен үздіксіз қозғалады. Жұмыс дөңгелегінің қалақшалары сұйықтыққа жылдамдық, қозғалыс энергиясын және қажетті қысымды беріп отырады. Дөңгелектен ағып шыққан сұйықтықтың жылдамдығы құбыр өткізгішке келгенде төмендейді, содан кейін ол дөңгелек арқылы алған қысымды күшейтеді.

1.3 Магистральды мұнай сорабының конструкциясы

Іс жүзінде мұнай сораптары жұмыс жасайтын барлық аймақтар агрессиялық және коррозиялық процестерге толы болады. Сол себепті бұл сораптар конструкциялық жағынан айрықша жағдайларға бейімделіп

жасалынады. Сораптың сұйықтық жүретін бөлігі титан немесе тоттанбайтын болаттан жасалынады. Тұйық тығыздағыштар шайынды немесе қатты қоспалардан қорғалған материалдардан жасалынады. Сорапты жобалау кезінде жоғары айналу жиілігі және 50 Гц жұмыс жағдайын есепке алады. Айналу жиілігінің артуымен сорапқа толатын сұйықтықтың да мөлшері артып сәйкесінше сораптың істен шығу қаупі артуы мүмкін. Эксплуатация кезінде П.Ә.К-тің мәніне зор мән береді, өйткені 2-5% жоғарылауының өзі жылдық қорытынды бойынша үлкен қаражатты үнемдейді. Магистральды мұнай сораптарын МС 12124-87 бойынша жасап шығарады.

1 Кесте – НМ 10000-210 сорабының техникалық сипаттамалары

Берілісі	м ³ /сағ	10000
Арыны	м	210
Рұқсат етілген кавитациялық қор	м	65
Айналу жиілігі	айн/мин	3000
Шекті қысым	кгс/см ²	75
Қуаты ($\rho = 860$ кгс/см ²)	кВт	5500 немесе 7900
П.ә.к. (су үшін)	%	89
Бір шеткі тығыздау арқылы ағып кету	л/сағ	0,3
Тығыздау камерасындағы қысым	кгс/см ²	55
Габариттік өлшемдері	мм	2505x2600x2125
3 м тірек радиустағы дыбыс деңгейі	дБА	100
Қозғалтқыш		СТД
Кернеу	В	10000
Қуаты	кВт	6300; 8 000
Токтың түрі		Айнымалы
Жиналған кезіндегі салмағы	кг	26000; 27530


1.3.1 Сораптың корпусы. Сораптың негізгі бөлшегі - корпус. Корпустың конструкциясы негізгі үш факторға байланысты: қысым, температура, сұйықтықтың құрамы. Қазіргі кезде көп қолданылатын корпус түрі жұмыс дөңгелегін бойлай өтетін спиралды корпус. Спиралды корпус горизонталды бөлінген екі жоғарғы және астыңғы бөліктерден тұрады. Корпустың мұндай конструкциясы жөндеу кезінде қолайлы жағдай туғызады. Бөлшектеу кезінде құбыр желісін ажыратпауға да мүмкіндік береді. Корпустың жоғарғы бөлігінде корпус сұйықтыққа толған кезінде ауа шығу үшін саңылау бар. Ал төменгі бөлігінде бөлшектеу кезінде сұйықтық ағып кету үшін саңылау қарастырылған. Заманауи сораптардың корпусы күрделі формада дайындалған құйма болып, жеткізу және бұру жолдары істелінген. Сорап корпусы 64 кг/см дейінгі қысымға есептелінген. Екіжақты кірісті конструкцияның біржақтыға қарағанда артықшылығы өстік күш кедергі жасамайды.

Корпус жоғары геометриялық өлшемдік дәлдікпен жасалынуы керек. Корпустың жоғарғы ішкі беті сұйықтыққа толған кезде жоғарғы қысымға ұшырайды. Сондықтан корпусқа гидравликалық сынақ жүргізіледі.

Заманауи магистральды сорап корпусы 7,5 МПа дейінгі қысымға шыдайды. Корпус қақпағы шпилькалармен төменгі бөлікке қалыңдығы 0,5-1 мм болатын тығыздағыштармен байланыстырылады.

Корпустың горизонтальды жоғарғы және төменгі екі бөлікке бөлінуі жөндеу мен пайдалану кезінде көптеген артықшылықтарға ие. Жоғарғы бөлігінде сорап сұйықтыққа толған сәтінде артық ауаның шығуы үшін саңылау болса, төменгі бөлігінде бөлшектеу кезінде ағуы үшін саңылау бар.

Сорапты тасымалдау үшін жоғарғы бөлігінде қаттылық қабырғасында ұстағыш, ілгіш орналастырылған.



1.2 Сурет – НМ 10000-210 магистралды сорабының қимасы


1.3.2 Сораптың роторы. Сорап роторы – бұл сораптың маңызды бөлігі және оның динамикалық тұрақтылығын, сенімділігін және ұзақмерзімділігіне жауап береді. Ротор біліктен оған жалғанған жұмыс дөңгелегінен және қорғауыш төлкелерден тұрады.

Білік арқылы электрқозғалтқыштан жұмыс дөңгелегіне айналу моменті беріледі. Жұмыс дөңгелегі білікке кілтөк пен арнайы сомындар арқылы отырғызылады. Ротордың айналу бағыты сағат тілінмен бағыттас. Ротордың тірегі ретінде сырғанау мойынтіректері орналастырылған. Мойынтіректерге жеткізілетін майдың мөлшері дроссельді шайбамен реттеліп отырады. Апатты жағдайда электрэнергияның өшіп қалған кезінде май біліктің мойнына майлау сақинасы арқылы ағып түседі. Ротордың тығыздағышы 4,9 МПа қысымға

шыдайтындай жасалынған. Түйісім тығыздығышының конструкциясы корпус қақпағын ашпай, мойынтіректерді ажыратпай сорапты бөлшектеуге, жинауға мүмкіндік береді.


Магистральды мұнай сорабының білігін 40X және 30X1 болатарынан жасап шығарады.

1.3.3 Сораптың жұмыс дөңгелегі. Сорап пен ротордың негізгі элементі - бұл жұмыс дөңгелегі болып саналады. НМ 10000-210 сорабында екіжақты кірісті өстік тепе-теңдігі жоғары етіп жасалынған. Сонымен қатар конструкциялық ерекшелігі қуаттың шығынын болдыратын гидравликалық табаны болмайды.



1.3 Сурет – Екі жақты кірісті жұмыс дөңгелегі

Жұмыс дөңгелегінің бес элементі: тоғыны, ағызғыш, күпшегі, қалақша, екі диск. Бұл дөңгелек түрінің бірқатар артықшылықтары бар олар: үзіліссіз ағынды қамтамсыз ету, вибрация мен шу төмендету, кавитациялық көрсеткіш жақсарып сору биіктігі жоғарылау, тұрақталған жұмыс жағдайы. Ашық, жартылай жабық және жабық болып бөлінеді. Ең тиімді түрі жабық дискілі. Дөңгелекті дайындауда көбінесе сұр шойынды қолданады.



1.4 Сурет – Сорап роторы

Сорапты жобалағанда оның берілісін, арынын, функцияларын, қосымша талаптар габариттің шектеуі, массасы, климаттық ерекшелік және орналасу орны көрсетіледі. Сораптың атқаратын функциялары оның конструкциялық ерекшеліктерімен, бөлшек материалымен, құбырға байлау жүйесімен және де берілісімен анықталады.

1.4 Прототип таңдау

Бұл жобада тақырыптың мәнін ашу үшін прототип ретінде НМ 7000-210 магистральды мұнай сорабы таңдалынып алынды.

Техникалық көрсеткіштері

- Берілісі – 10 000 м³/сағ;
- Арыны - 210 м;
- Кавитациялық қор - 52 м;
- Айналу жиілігі - 3000 айн/мин;
- Сораптың қуаты - 6300 кВт;
- Сораптың П.Ә.К - 89 %;
- Салмағы - 32150 кг;
- Габаритті өлшемдері - 7250x3600x2223;
- Электрқозғалтқыш - СТДП 6300-2 УХЛ4;
- Салмағы - 14750 кг;
- Қуаты - 6300 кВт.

Бұл сораптың ең негізгі артышылығы: сенімділік, эксплуатация кезіндегі үнемділігі. Сонымен қатар бұл сорапты қолдану барысында мынадай үмкіндіктерге қол жеткізуге олады: ауыр сұйық жанармайды айдауға, газдың үлкен көлеміне төзімділігі, тозуға төзімділігі мен құрастырудағы тұтастығы.

1.5 Тасымалдау, монтаж, пайдалану және жөндеу

Сораптарды монтаждамас бұрын ең алдымен іргетасты тексеріп және дайындап алады. Іргетас жарылмаған болу керек оны көзбен бақылап көреді. Іргетас өлшемдерін тексереді. Сонан соң ешқандай ақау табылмаған соң іргетасты құрастыру жұмысына дайындайды. Дайындық жұмыстары біткеннен кейін сорап пен жетекті іргетасқа орнықтырып оларды өзара тепе-теңдік күйге келтіреді. Сырт көзбен бақылау жұмыстары жүргізіліп, қолмен ротор айналуының оңайлылығын тексеріп көреді.

Сорапты шашып-жинау жұмыстары заводтың нұсқаулығы бойынша жүргізіледі. Бөлшектеуден алдын сорап бөлшектерін қоятын орынды дайындап, тығыздағыштардың ластанбауын қадағалау керек. Сорғыдан алынған бөлшектерді құрғатып сүртіп, оны ағаш немесе картон бетіне орналастырады. Бөлшектеуден алдын белгілерді ретімен қарап алу керек, өйткені өлшемдері шамалас бөлшектер орындарымен алмасып кетуі мүмкін. Бөлшектер орындарынан қателесуге қатаң тыйым салынады. Бөлшектеу алдында сораптың

бөлшектерін және майда бөлшектерді жинау үшін арнайы стеллажды дайындап, қажетті құрал-саймандар тізімін жинап және қозғалтқыштың өшірілгендігіне көз жеткізу керек. Ал, бөлшектеу ең алдымен муфта қаптамасын және муфтаның өзін шешуден басталады. Қақпақты шешіп ашық қалған тесіктерді бекітіп қою қажет. Жинау алдында барлық бөлшектерді тазалап, тығыздағыштарды дайындау керек. Жинау жұмысы ротордан басталады.

Магистральды ортадан тепкіш бірсатылы спиралды екі жақты кірісті мұнай сораптарын пайдалану бірқатар артықшылықтар мен кемшіліктерге жолықтырады.

Артықшылықтары:

Біртұтастық, жоғары өнімділік жағдайында ыңғайлы жеңілдеу салмақ;

- Сорап пен қозғалтқыштың жалғану үлгісі;
- Құрастыру мен бөлшектеу оңайлылығы;
- Басқару оңтайлылығы;
- Сұйықтықты бірқалыпты тоқтаусыз аудау;
- Қолдануға қарапайым, эконом режимді;
- Сенімділік пен кез-келген сұйықтықты айдай алу мүмкіншілігі.

Кемшілігі:

- Әр тоқтаудан кейін оны сумен толтыру керек;
- Үлкен арын мен аз өнімділік кезінде қолдану шектеулігі.
- Сорапты пайдалану кезінде көңіл қадағалау керек:
- Мойынтіректер және олардың температурасы 60-70°C аспау, майды 800-1000 сағ ауыстыру;
- Тығыздағыштар және олар салқын күйде болып, периодты түрде қысып тартып тұру қажет.

Сорапты тоқтату үшін:

- Арын ысырмасын жайлап жабу;
- Барлық крандарды жабу;
- Тығыздағыштар мен мойынтіректерге су жіберетін жолды жабу;
- Қозғалтқышты өшіру.

Қыс мезгілдерінде және көп үзіліс уақытында сорапты суға толы қалпында қалдырмау қажет.

Магистральды мұнай сораптары – зор энергиясығымды машина болғандықтан, оны тиімді пайдалану маңызды тапсырмалардың бірі болып келеді. Бұл сораптардың сенімділігін қамтамасыз етіп отыру артық шығындарды болдырмайды. Пайдалану кезінде салыстырмалы түрде сыр беретін бөлшек түрлері: біліктің тығыздағыштары, мойынтіректер, майлау жүйесі. Жөндеу жұмыстары мен техникалық қызмет көрсету диагностикалық бақылау жүргізуді қарастырады. Диагностикалық бақылау жұмыс істеп тұрған және тоқтатылған агрегаттарға жасалынады. Ағымдық жөндеу жұмысы арнайы тораптарды жылжытып, бригадалардың көмегіне жүгінбей ақ корпус қақпағын ашпай жүргізіледі. Аралық жөндеу жұмысы кезінде сорап бөлшектелініледі, бірақ сорап іргетастан ажыратылмайды. Ротор жаңасына немесе жөндеуден өткен ротормен ауыстырылады. Сәйкесінше ауыстырылған ротор жөндеуге жіберіледі.

Ал күрделі жөндеу арнайы бригаданың көмегімен жасалынады. Күрделі жөндеу кезінде егер белгілі бір себеппен жұмыс 8 сағ немесе бір түнге тоқтап қалса, корпустың қақпағын қайта орнатып қою қажет. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін қорытынды жасамас бұрын оның арынын, қуатын және де П.Ә.К тексеріп бағалау керек. Магистральды сорапты ағымдық жөндеуден 8 сағ кейін, аралық және күрделі жөндеуден 72 сағ кейін сынақтан өткізіледі. Сынақ кезінде сораптың эксплуатациялық параметрлері анықталып ол жөндеуге дейінгі көрсеткіштермен салыстырылып жөндеу жөмысының сапасына қорытынды жасалынады.

Құбыр желісінің жұмысын реттеу

Құбыр желілері мен сораптық станциялардың өзара байланысқан жұмысын реттеу әдістері:

- Жұмыс сораптарының санын өзгерту арқылы;
- Роторды ауыстыру немесе жұмыс дөңгелектерін буналау;
- Біліктің айналу жиілігін өзгерту;
- Дросселдеу арқылы;
- Айналмамен жіберу;
- Турбулентке қарсы қоспаларды қолдану арқылы.

Сорапты күрделі жөндеуге жібермес бұрын оны сырт көзбен бақылап анықталған ақаулар туралы акт жасайды. Сорап жөндеуге біртұтас түрінде, әртүрлі тозған бөлшектерімен бірге өткізіледі. Жөнделінетін сораптың негізгі жұмыс бөлшектері болуы керек.

Сырттай бақылап және жуудан кейін сорап белгілі реттілікпен бөлшектелінеді.

Дефектация алдында бөлшектер тазартылып, жуылып және кептіріледі. Сұйықтықтың жоғары қысымына ұшырайтын сораптың ағатын бөлігі арнайы ваннада 100 жуу қоспаларымен тазартылады. Тозған бөлшектерді ақаулау арнайы жұмыс орнында дефектация картасы бойынша жүргізіледі. Тексеріс нәтижесінде сорап бөлшектері үш топқа бөлінеді. Ең негізгі бөлшек жұмыс дөңгелегінің тозу себебі ол коррозиялық тозудан, сорапты қате құрастыру және бөгде заттардың жұмыс камерасына түсіп кедергі келтіруі болып табылады.

2 Есептеу бөлімі

Сорапты игеру жобалау үшін оның техникалық көрсеткіштері беріліс пен арын және айналу жиілігі мен айдалатын сұйықтықтың қасиеті ескеріледі. Ең алдымен жұмыс дөңгелегі басты бөлшек болғанықтан оның геометриялық параметрлерін анықтап аламыз.

Бастапқы берілген мәліметтер:

Берілісі (Q) – 10000 м³/сағ,

Арыны (H) – 210 м

осы алғашқы мәндерді пайдалана отырып белгілі реттілікпен есептеу жүргіземіз.

Жүрдектік көрсеткіші

$$n = \frac{3.65n\sqrt{Q}}{H} = 277 \quad (2.1)$$

$n=3000$ айн/мин кезінде жүрдектік көрсеткіш 277 айн/мин тең және бұл жүрдектігі жоғары сораптарға тән. П.Ә.К сәйкесінше жоғары болады, сондықтан айналу жиілігін $n=3000$ айн/мин деп қабылдаймыз.

Сорап үнемді жұмыс жасауы үшін жүрдектік көрсеткіш $40-50 < n < 250-300$ аралығында болуы керек.

Жүрдектік көрсеткіші жұмыс дөңгелегінің түрін анықтап, кавитацияға дейінгі сенімділік мәндерін көрсетеді.

Демек бұл көрсеткіш бойынша сорап бірсатылы болады.

2.1 Толық П.Ә.К. анықтау

Келтірілген диаметр

$$D_{кел} = 4,5 \cdot \sqrt[3]{\frac{Q}{n}} = 0,390м = 390мм \quad (2.2)$$

Гидравликалық П.Ә.К

$$\eta = 0.92 \quad (2.3)$$

Көлемдік П.Ә.К

$$\eta = 0.98 \quad (2.4)$$

Механикалық П.Ә.К

$$\eta = 0.96 \quad (2.5)$$

Толық П.Ә.К

$$\eta = 0.88 \quad (2.6)$$

Білік пен сатының диаметрі
Білікке түсетін қуат

$$N = \frac{pgQH}{\eta} = 2210 \text{ кВт} \quad (2.7)$$

Артық қуат

$$N_{max} = 1.1 \cdot N = 2431 \text{ кВт} \quad (2.8)$$

Біліктегі бұраушы момент

$$M = 97,5 \cdot \frac{2431000}{3000} = 79007 \text{ кгс} \cdot \text{см} \quad (2.9)$$

Білік диаметрі
150-200 кг/см² аралығында 150 кг/см² деп кернеу қабылдаймыз

$$d_{\sigma} = 0.01 \cdot \sqrt[3]{\frac{M}{0,2 \cdot 150}} = 0.138 \text{ м} \quad (2.10)$$

Саты диаметрі

$$d_c = 1,25 \cdot d_{\sigma} = 0,173 \text{ м} \quad (2.11)$$

2.2 Қалақшаның кіріс және бастағы диаметрі

Теориялық беріліс

$$Q = \frac{Q}{n} = 0,96 \text{ м}^3/\text{с} \quad (2.12)$$

Кіріс жердегі жылдамдық

$$C = (0,06 \div 0,08) \cdot \sqrt[3]{Qn} = 16,3 \text{ м/с} \quad (2.13)$$

Кіріс диаметрі

$$D_0 = \sqrt{\frac{4 \cdot Q}{3.14 \cdot C}} + d = 0,105 \text{ м} \quad (2.14)$$

Қалақша басының диаметрі

$$D_1 = 0,8 \cdot D_0 = 0,084 \text{ м} \quad (2.15)$$

Қалақшаның бастапқы ені

$$b_1 = \frac{Q}{c \cdot 3.14 \cdot D \cdot 0.91} = \frac{0.96}{6.7 \cdot 3.14 \cdot 0.084 \cdot 0.91} = 0,86 \text{ м} \quad (2.16)$$

Қалақша иілуінің бастапқы бұрышы
Шеңберлік жылдамдық

$$U_1 = D_1 \cdot 3,14 \cdot \frac{n}{60} = 0,084 \cdot 3,14 \cdot \frac{3000}{60} = 13.2 \text{ м/с} \quad (2.17)$$

$$U_2 = \frac{c}{2tgB} + \sqrt{\left(\frac{c}{2tgB}\right)^2 + g \cdot H} = 17.4 \text{ м/с} \quad (2.18)$$

Қалақша соңының бұрышы

$$B_1 = \arctg\left(\frac{c}{U}\right) = \arctg\left(\frac{6.7}{13.2}\right) = 27^\circ \quad (2.19)$$

мұнда $C_{r1} = C_{r2} = 6.7$ – радиальды жылдамдық
Дөңгелектің сыртқы диаметрі

$$D_2 = \frac{U \cdot 60}{3.14 \cdot 3000} = 0,38 \text{ м} \quad (2.20)$$

Қалақша соңының ені мен қалақша саны

$$B_2 = \arcsin(1 \cdot 1 \cdot \sin 27^\circ) = 27^\circ \quad (2.21)$$

Қалақшалар саны

$$Z = 6,5 \cdot \frac{D+D}{D-D} \cdot \sin \frac{B+B}{2} = 6 \quad (2.22)$$

2.3 Сорпа бөлшектерін беріктікке есептеу

Өстік күшті анықтау

$$P_{oc} = P - P_k, H \quad (2.23)$$

$$P_k = m_k \cdot g = 50 \cdot 9.8 = 490$$

$$M_k = V_k \cdot g_{mk} = 0,0064 \cdot 7820 = 50 \text{ кг}$$

$$G = mv \cdot g, H,$$

Компенсатор есептеуі

Компенсатордың қызмет ету мерзімін және оны діріл мен температуралық кеңейтулер әсер еткен кезде станция құбыржолдарының схемасына орнату мүмкіндігін анықтау үшін оның шаршау есебін жүргізу қажет.

Кернеу шамасы келесі тәуелділікпен анықталады:

$$\sigma_{-1} = \alpha_1 \cdot \sigma_B; \quad (2.24)$$

мұндағы σ_B - қысқа мерзімді беріктік шегі, МПа. α_1 коэффициентінің мәні кесте бойынша алынған, $\sigma_B = 520$ МПа

$$\sigma_{-1} = 0.35 \cdot 520 = 182 \text{ МПа}$$

Шаршау беріктігін төмендетудің жалпыланған коэффициенттері

Тәжірибе көрсеткендей, зертханаларда сыналатын стандартты үлгілердің төзімділік шегінен төмен бөлшектердің төзімділік шегі. Төзімділік шегінің төмендеуі концентраторлардың болуымен ғана емес Шаршау беріктігі шегінің кейбір жоғарылауы бөлшектің үстіңгі өңдеу кезінде алуға болады.

Бөлшектің шаршау беріктігінің төмендеуі негізінен металлургиялық, технологиялық немесе конструкторлық шығу мен кернеулерінің концентраторларының болуымен туындаған жергілікті кернеулердің әсерінен болады.

Концентрацияның теориялық коэффициентінің мәні

$$\alpha_\sigma = \sigma_{max} \cdot \sigma_{ном}; \quad (2.25)$$

мұнда σ_{max} теориялық кернеу, серпімділік теориясы әдісімен немесе эксперименталды анықталған осы қима үшін максималды; $\sigma_{ном}$ концентраторларды есепке алмай табылған номиналды кернеу.

Мәнін анықтау үшін және $\sigma_{ном}$ ном "кмм-сөздің моделі трехлинзового компенсатор және іс жүзінде табамыз бұл мәндер кезінде оның орын ауыстыруы 0-ден 16 мм . Іс жүзінде алынған мәндер кестеде келтірілген.

Концентрацияның теориялық коэффициентін анықтау үшін бір линзаға ең жоғары жылжытуға сәйкес келетін 4 мм жылжытуда = 116 МПа мәнді аламыз.

$$A_\sigma = \frac{116}{70,2} = 1,65; \quad (2.26)$$

Шоғырланудың тиімді коэффициентінің мәні

$$K_\sigma = q\sigma \cdot (\alpha\sigma - 1) + 1; \quad (2.27)$$

$$K_\sigma = 0.7 \cdot (1.65 - 1) + 1 = 1.455.$$

Бөлшектер бетінің және жұмыс ортасының жағдайын ескеретін K коэффициентінің мәні

Бөлшектің шаршау беріктігін төмендетудің жалпыланған коэффициенті

$$(K_{\sigma})_D = K_{\sigma} + KF - 1 - Kd_{\sigma} \cdot KV; \quad (2.28)$$

$$(K_{\sigma})_D = 0.7 + 1.05 - 1 - 1 \cdot 1 = 0.75.$$

Жүктеудің симметриялы циклі

$$n\sigma = \sigma_{-1} \sigma_a \cdot (K_{\sigma})_D \geq [n\sigma] \Rightarrow \sigma_a = \sigma_{-1} n\sigma \cdot (K_{\sigma})_D; \quad (2.29)$$

$$\sigma_a = 1821.3 \cdot 0.75 = 186.2 \text{ МПа.}$$

3 Арнайы бөлім

3.1 Сорғы қондырғысын диагностикалау және сенімділігін арттыру

Сорғы қондырғысының ақауларын диагностикалау принциптері өлшеу параметрлерін өлшеу нәтижелерін талдауға негізделген. Сорғы қондырғыларының ақауларын диагностикалау технологиясының негізі діріл параметрлерін амплитудалық-жиіліктік талдау әдісіне негізделген. Діріл параметрлерін өлшеу және бақылау операциялары сорғы қондырғысының немесе басқа жабдықтың жалпы техникалық жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл төтенше жағдайлардың пайда болуын азайтады. Алайда, сорғы қондырғысының дірілін тудыратын себептерді анықтау үшін диагностикалық жұмыстарды жүргізу қажет. Сонымен қатар, диагноз қою кезінде сорғы қондырғысының тербелістерін жиіліктік талдау үлкен рөл атқарады.

Дұрыс диагноз қою үшін келесі шарттарды сақтау керек:

- диагностикаланатын жабдықта туындайтын тән ақаулары бар дірілдің жиілік құрамдастарын дұрыс түсіндіру үшін оның конструкциясын анық көрсету қажет;
- диагностикаланатын жабдық үшін ақаулықтың әрбір түріне ілесетін дірілдің тән жиілік құрамдастарын білу қажет;
- диагностикалық жұмыстар үшін дірілдің қажетті жиілік құрамдастарын анықтауға мүмкіндік беретін дірілді өлшеу аппаратурасы талап етіледі;
- сорғы қондырғылары болып табылатын күрделі машиналар үшін ақаулықты (диагнозды) іздеудің белгілі бір дәйектілігін (алгоритмін) жасау қажет.

Техникалық жағдайды бағалаудың кең таралған әдістерінің бірі – сорғы қондырғысының діріл күйін талдау кезінде көрінбейтін ақауларды жою әдісі. Ол үшін сорғы агрегатының ақаулықтарын өлшеулердің жеткілікті көлемі кезінде топтардың бірін қарастырудан біржақты алып тастауға болатындай етіп топтастыру қажет. Сондықтан біз барлық ақауларды үш топқа топтастырамыз:

- сорғы агрегатын рамада және іргетаста бекіту қаттылығының бұзылуымен байланысты ақаулықтар;
- электромагниттік шығу ақаулары;
- механикалық және гидродинамикалық ақаулары.

Ақаулықтардың үш үлкен тобына бөлу диагнозды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Мысалы, ақаулықтардың бірінші тобына бөлінген бекіту қаттылығының бұзылуын сорғы агрегатының діріл қарқындылығын контурлық тексеру кезінде оңай анықтауға болады.

Электромагниттік шығу тегі барлық ақаулар электр қозғалтқышынан электр қуатын "алып тастағанда" діріл күрт төмендейді. Осылайша, электр қозғалтқышының шыға берісіндегі дірілді өлшеу арқылы оларды анықтауға болады. Егер алғашқы екі топтың ақаулары анықталмаса, онда дірілдің жоғарылау себептері механикалық немесе гидродинамикалық ақаулардың болуына байланысты деп айтуға болады.

